

**2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата - ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 142 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 маусымда № 2452 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1 тармақшасына сәйкес, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған Маңғыстау ауданының білім беру ұйымдарында мемлекеттік бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Маңғыстау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С.Калиева): осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесінде орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімнің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

А у д а н ә к і м і н і ң  
А. Сарбалаев

«Маңғыстау  
бөлімі»

К Е Л І С І Л Д І :  
аудандық білім  
М М басшысы  
С . К а л и е в а

2 1 м а я 2 0 1 4 ж .

«Маңғыстау аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы  
Р . Ш а б и к о в а  
2 1 м а я 2 0 1 4 ж .

Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 1 м а я  
№ 1 4 2 қ а у л ы с ы н а қ о с ы м ш а

**2014 жылға арналған Маңғыстау ауданының білім беру ұйымдарында мемлекеттік бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі ұйым түрі	Мектепке дейінгі ұйымның орналасқан жері	Мемлекеттік білім беру тапсырмасы, орны	Айына жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері, теңге
1	2	3	4	5	6	7
	<b>Маңғыстау ауданы</b>					
1		Шағын орталық	Шетпе селосы М. Атымов атындағы орта мектеп	20	13024	8400,0
2		Шағын орталық	Шетпе селосы А. Меңдалыұлы атындағы орта мектеп	20	13024	8400,0
3		Шағын орталық	Бекі елді мекеніндегі екі бастауыш мектебі	26	13024	8400,0
4		Балабақша	Шетпе селосы «Рахат» балабақшасы	50	26798	8400,0
5		Балабақша	Ұштаған селосы «Арай» балабақшасы	50	26798	8400,0

6	Балабақша	Тұщықұдық селосы «Нұрай» балабақшасы	80	22934	8400,0
7	Балабақша	Ақшымырау селосы «Айгөлек» балабақшасы	50	26798	8400,0
8	Балабақша	Шетпе селосы «Айдын» балабақшасы	150	22238	8400,0
9	Балабақша	Шетпе селосы «Балбөбек» балабақшасы	200	22238	8400,0
10	Балабақша	Шетпе селосы «Айналайын» балабақшасы	180	22238	8400,0
11	Балабақша	Тұщыбек селосы «Аяулым» балабақшасы	50	26798	8400,0
12	Балабақша	Сайөтес селосы «Балдаурен» балабақшасы	50	26798	8400,0
13	Балабақша	Сайөтес селосы «Жауқазын» балабақшасы	50	26798	8400,0
14	Балабақша	Шебір селосы «Ақбота» балабақшасы	50	26798	8400,0
15	Балабақша	Шайыр селосы «Қызғалдақ» балабақшасы	80	22934	8400,0
16	Балабақша	Жармыш селосы «Еркетай» балабақшасы	80	22934	8400,0
17	Балабақша	Жыңғылды селосы «Ақшағала» балабақшасы	80	22934	8400,0
18	Балабақша	Қызан селосы «Балауса» балабақшасы	80	22934	8400,0
19	Балабақша	Онды селосы «Құлыншақ» балабақшасы	50	26798	8400,0
20	Балабақша	Шетпе селосы «Ер Төстік» балабақшасы	75	22934	8400,0
21	Жеке меншік балабақша	Шетпе селосы «Наз» жекеменшік балабақшасы	66	26798	15000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК